



# САРЬІААРҚА

27

ақпан  
2007 жыл

сеісенбі

Торайғыров  
атындағы ПМУ-дің  
академик С.Бейсембаев  
атындағы ғылым

КІТАПХАНАС

# САМАЛЫ



№ 24  
(14067)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

# «ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМДАҒЫ ДІН»

(Америка сапарынан)

Таяуда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Павлодар облысы бойынша өкіл имамы Жұмабай қажы Ықыпас ЮСАИД бағдарламасы аясында Америка Құрама Штаттарында «Зайырлы қоғамдағы дін» деген тақырыппен өткен 22 күндік тренингке қатысып келді. Осыған орай Жұмабай қажыға жолығып, сапар барысы жайында әңгімелескен едік.

- 2007 жылы 10 қаңтар мен 31 қаңтар аралығында Қазақстаннан он адам әлемдік оқу бағдарламасы бойынша Америкаға барып келдік, - деді Жұмабай қажы. - Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - АҚШ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық пен еларалық байланысты нығайту. Осыған орай бағдарламаны ұйымдастырып өткізушілер діни орталықтардың, билік орындарының, жалпы американдық қауымдастықтардың осы бағытта атқарып жатқан жұмыстарын, іс-шараларын кеңінен көрсетуге тырысты.

Тығыз жасалған бағдарлама жан-жақты тақырыптарды қамтыған екен. Мәселен, еңбекке орналастырудағы теңдікті қадағалау жөніндегі АҚШ комиссиясында, АҚШ-тың Әділет министрлігінің азаматтық құқық жөніндегі бөлімінде, Вашингтон қаласындағы ислам мен демократияны оқыту орталығында, Огайо штатының мемлекеттік қорғаушы офисінде, Азаматтық бостандықты қорғау жөніндегі американдық одақта, Огайо штатының мемлекеттік университетінде өткен кездесулерде мұсылмандардың, жалпы Азия елдерінен келгендердің құқықтарының бұзылмай жұмысқа орналастырылуы, азаматтық қоғамдағы діни наным-сенім бостандығының заңға сүйене отырып қорғалуы, демократиялық қоғамдағы ислам дінінің алатын орны, нәсілі мен дініне бөлместен қорғаушы (адвокат) жалдауға құқығы бар азаматтардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігі, азаматтардың сөз, баспасөз, дін бостандығын қамтамасыз ететін ұйымның іс барысы, АҚШ пен Қазақстанның арақатынасы мен зайырлы қоғамдағы діннің рөлі жайлы теориялық және тәжірибелік бағыттаулар кеңінен таныстырылды.

Ал Херос христиандық орталықта, Святой Николай православтік, Святой Троица епископтік шіркеулерінде,

орталыққа жету үшін біраз уақытын жіберетін көрінеді.

Америкаға аттанар алдында алдымен қонақ үйге ат басын тірейтінімізді, одан кейін американдықтар өз ұсыныстарымен келіп, қонақтарды бөліп-бөліп алып кететінін айтқан болатын. Дәл солай болды. Серік Құлжыбаев екеуімізді 78 жастағы Боб Кеннеди деген қария қарсы алды. Әйелі қайтыс болған. Балалары бөлөк, өзі жеке жалғыз тұрады екен. Сол бізді үйіне алып кетті. Жолшыбай арабтардың дүкендеріне соғып, мұсылмандарға арналған халал тамақтан біздің қалауымызға қарап, керегінше алды.

редакциясында кездесу ұйымдастырылды. Бұл газет апта сайын діни тақырыпқа арналған «Сенім және құндылық» деген айдармен арнайы материалдар беріп тұрады екен. Міне, осында Қазақстаннан келген қонақтар (біздер), дін қызметкерлері туралы хабар жарық көрді. Тегі соны оқыған болу керек, осы жердегі американдыққа тұрмысқа шыққан Айгүл деген қазақ әйелі телефон шалып, бізді үйіне қонаққа шақырды. Мен бара алмадым. Телефонмен кеңірек сөйлесіп таныстым. Атыраудың қызы екен. Екі баласы бар. Аудармашы. Ағылшын тілінен

жәрдем беруге баса мән береді. Діни орталықтар жағдайы төмен адамдарға күн сайын тегін ас беруді ұйымдастырады. Мұқтаждықпен келген адамдарға күнделікті тұтынатын азық-түлік үлестіреді. Апатқа ұшырағандарға көмек қолын созады.

Діни орталықтар қайырымдылық жасауға жағдайы бар адамдарды жұмылдырады екен. Орталық қайырымдылық қоры тәрізді. Жиналған қаржыны бір орталықтан қайырымдылық шараларына жұмсайды. Діни орталықтардың дүкендерінде, қайырымдылық асханаларында болып, ондағы қызмет көрсетіп жүрген адамдармен сөйлестік. Олардың бәрі де мұнда тегін жұмыс жасайды екен. Себебі, олар - сол діни орталықта



Вашингтон қаласындағы АҚШ-тың алаңында (солдан оңға қарап) Жұмабай қажы (Павлодар) мен Тыныштық қажы (Семей).

Святой Эндрю атындағы католиктік мектепте, Коламбус ислам мешітінде болған жүздесулерде діндераралық қатынас, қайырымдылық шаралары әңгіме арқауы болды.

Атап өтетін бір жай, әлемдік оқу бағдарламасы бойынша дін өкілдерін шақыру алғаш рет болып отыр екен. Республикадан бұған үш имам, төрт шіркеу қызметкері (пастор) қатысты. Имамдардан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Семей өңірі бойынша өкіл имамы Тыныштық қажы Мырзаев, Қарағанды облысы Абай қаласының мешіті имамы Нұрмұхамед Ахмедиянов болды.

Америкаға барған адамдардың жартысы біздің облыстан екенін де айта кеткен жөн. Оның бірі - облыстық ішкі саясат департаментінің бас маманы Серік Құлжыбаев. Ал үшеуі - шіркеу қызметкерлері.

«АҚШ - қа Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы атынан бара жатырсыңдар. Еліміздегі, діни басқармамыздағы атқарылып жатқан ізгі істерімізді кеңінен таныстыру - сендердің міндеттерің» деп діни басқарма имамдарға басшылық жасауды маған жүктеді.

Біздің сапарымыздың алғашқы күні он бір миллион халқы бар Огайо штатының орталығы, Американы ашқан Колумбтың есімімен аталатын Коламбус қаласында басталды. Бір миллион адам тұратын бұл қаланың ерекшелігі бүкіл әкімшілік, билік, бизнес ғимараттары шаһардың дәл ортасына шоғырландырылған да, қала тұрғындарының үйлері орталықтан шеткерірек сыртқа қарай орналастырылған екен. Тұрғындар

Тағамды өзі дайындайды екен. Асы дәмді.

Күндіз түріктердің, арабтардың халал ас дайындайтын кафе, ресторандарына апарып отырды. Ол жерде түріктер көп екен, арабтар да баршылық. Олармен тілдесу жеңілрек болды. Ағылшын тілін білмегеніміз жүріс-тұрыста, америкалықтармен тілдесуде біраз қиындықтар келтірді. Ал кездесулерде арнайы аудармашы қызмет көрсетті.

Айта кетейін, Американың солтүстігіне қарай орналасқан Огайо штаты жерінің ауа райы қазіргі біздің ауа райымызға ұқсас екен. Күндіз 5-6 градус суық. Қар да бар. Күндіз еріп кетеді. Салқын да емес, жылы да емес. Бізге жайлы болды. Тек уақыт айырмашылығы 11 сағат болғандықтан алғашқы күндері күндіз маужырап, ұйқы баса берді, түнде ұйқымыз келмей жүрді.

Америкадағы алғашқы кездесу Огайо штаты губернаторының офисінде болды. Офис директоры Роман Федкиев мырза губернатор атынан қазақстандық қонақтарды Америкаға келу сапарларымен құттықтап, Огайо штатының заң органдарымен және атқарып жатқан істерімен таныстырды. Кейінірек губернатордың өзімен де жүздесудің сәті түсті. Соңдай-ақ, АҚШ конгресінің сенаторы Сэма Браунбектің офисінде болдық.

АҚШ-тың жиырма ірі газеттерінің бірі, күніне 500 мың данамен тарайтын, техниканың ең соңғы жетістіктерімен жарақтанған «Columbus Gispach» газеті

орыс тіліне де, қазақ тіліне де аудара береді. Қазақ тіліне жетік екені байқалды. Айгүл туралы, оның ағылшын тілінен қазақ тіліне де еркін аударатынын естігенде бізді шақырып отырған орталық (Колабустың халықаралық қонақтар кеңесі) басшылары «Біз мұны білмей қалдық. Алдағы уақытта Қазақстаннан келген қонақтарға аудармашы етіп шақырамыз» дегенді айтты.

Сапар барысында біз көптеген діни орталықтарда болдық. Мешіттерді араладық. Қай діни орталыққа барсақ та, сыртынан қарағанда бүгінгі заманның сәулетті ғимаратына ұқсайды. Ал ішіне кірсеңіз, бала бақша да, мектеп те, спорт залы да, діни оқу орны да соның ішінде орналасқан. Сонда діни орталықта бала бақшадан бастап тәрбие алған бала он жылдық білімді де, діни білімді де қатар алып шығады екен.

Мұсылмандарда да құран оқу курстары сияқты дінді үйрететін, сырттан келгендерге ағылшын тілін үйрететін курстар бар. Дін оқуы да, дінге үйрету де тегін ұйымдастырылған. Сапар барысында біз діни орталықтардың істеп жатқан істеріне көп көңіл бөлдік. Сондағы байқағанымыз, олардың негізгі істері адамдарға көмектесуге бағытталған. Мүгедектерге, үйлері жоқ адамдарға, әке-шешесінен айырылған жетім балаларға, ауыртпалыққа ұшыраған жерлерге қол ұшын берумен айналысады.

Мұсылман орталығы болсын, өзге дін орталығы болсын, қайырымдылық жасауға, жағдайы төмен адамдарға

тәрбиеленіп, оқып, жұмысқа жолдама алған шәкірттері. Сондықтан да түлеп ұшқан алтын ұясына көмек жасауды парызы санайды екен.

Америкада 7-8 миллиондай мұсылман тұрады, 1200-ден астам мешіт жұмыс істейді. Мұнда ислам дінін қабылдап жатқан американдықтар да баршылық. Біз Колабус қаласындағы орталық мешіттің жұма намазына қатыстық. Орталық мешіттің имамы араб болса, наиб-имамы - американдық. Ол ислам дініне 2003 жылы кіріпті. Бізді жиялған халыққа Қазақстаннан келген меймандар, біз сияқты имамдар, дін жолындағы адамдар деп таныстырды.

Американдықтардың мұсылмандарға деген көзқарастары жақсы екен. Бізді Қазақстаннан келген имамдар деп ықыласпен қарсы алды. Бірінші батаны мұсылмандар жасасын деп, бізге бата жасатты. Тек мұсылманға ғана емес, барлық дін өкілдеріне де құрметпен қарайды. Біз құран оқып, дұға қылғанда қол жайып бізбен бірге отырды. Олардың дінге құрметпен қарайтыны айқын байқалды. Барлық дінге солай.

Ел көрген, жер көрген жақсы ғой. Жақсылықты кез келген жерден үйренуге болады. Дініміз адамдарды қайырымдылыққа тәрбиелейді. Осыны іс жүзіне асырып жатқан Огайо штатындағы діни орталықтардың қайырымдылық шаралары бізге де ой салды. Біздер де осындай игі істерді атқара білсек, жақсы болар еді деген түйінге келдік.

Әңгімелескен  
**Бақыт БАЙМҰРАТУЛЫ.**